

Краткий агрометеорологический обзор за 3-ю декаду мая 2025 года.

В третьей декаде мая на юге и юго-востоке республики в районах возделывания озимых культур температурный фон был выше нормы на 1...2°C. Осадки выпали в основном меньше нормы. На наблюдаемых участках в районах возделывания с озимой пшеницей наблюдаются фазы развития в основном «цветение» - «молочная спелость», на поздних посевах «колошение». В окрестности метеостанции Толе Би Жамбылской области наблюдается начало фазы «восковая спелость». Состояние растений в основном хорошее.

На юге страны (*Туркестанская область*) в Казыгуртском и Тулкибасском районах на посевах ярового ячменя отмечается фаза развития «колошение» - «молочная спелость». Состояние растений в основном хорошее.

На западе страны на ранних посевах яровой пшеницы наблюдается фаза развития «3-й лист» - «образование узловых корней». Состояние растений в основном хорошее и отличное. В *Актюбинской области* на посевах яровой пшеницы наблюдается фазы развития «прорастание зерна» - «всходы». Состояние растений в основном хорошее.

В северных областях Казахстана (*Костанайская, Акмолинская, Павлодарская, Северо-Казахстанская*) наблюдается массовый посев яровых зерновых культур. На посевах яровых зерновых культур в основном наблюдается фазы развития «всходы» - «3-й лист», на ранних посевах Костанайкой, Павлодарской и Северо-Казахстанской областях «образование узловых корней» - «кущение». Состояние растений в основном хорошее и отличное.

В Бородулихинском районе *Абайской области* на посевах яровой пшеницы и ярового ячменя наблюдается фаза развития «образование узловых корней», в Уржарском районе «выход в трубку» - «появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы».

В *Восточно-Казахстанской области* продолжается посев яровой пшеницы. В Глубоковском, Жарминском, Самарском, Уланском, Катон-Карагайском районах и в районе Алтай наблюдается фаза развития «прорастание зерна» - «3-й лист». Состояние растений отличное и хорошее.

В центре страны продолжают посев яровых зерновых культур. На посевах яровых культур отмечается «прорастание зерна» - «3-й лист», в окрестности агропоста Агрогородок Абайского района на посевах ярового ячменя продолжается фаза развития «выход в трубку». Состояние растений в основном хорошее и отличное.

На юге страны на посевах теплолюбивых культур (соя, рис, хлопчатник, сахарная свекла) в Мактааральском и Ордабасинском районах Туркестанской области на посевах хлопчатника отмечается фаза развития «5-8 настоящий лист». Состояние посевов в основном отличное и хорошее. В Кызылординской области

и области Жетісу на посевах риса отмечается фазы развития «всходы» - «3-й лист». На посевах сои в Алматинской области и области Жетісу наблюдается фазы развития «3-5 настоящий лист», состояние растений хорошее. В окрестности метеостанции Кызылту области Жетісу продолжается фаза развития сахарной свеклы «3-я пара настоящих листьев», состояние растений отличное.

На посевах кукурузы в Туркестанской В Алматинской, Жамбылской областях и области Жетісу отмечается фаза развития «нарастание листьев». Состояние растений хорошее и отличное.

У масличных культур на востоке и севере страны на посевах подсолнечника, рапса ярового, а также на западе страны на посевах сафлора наблюдается фазы развития «всходы» - «2-я пара листьев», состояние посевов хорошее. В Акмолинской и Костанайской области приступили к посеву льна масличного. В конце декады появились первые всходы.

В Актюбинской, Алматинской, Карагандинской, Северо-Казахстанской областях и области Жетісу на наблюдаемых участках завершается посадка картофеля. В окрестностях Алматинской, Карагандинской, Северо-Казахстанской областях и области Жетісу наблюдается фаза «всходы». Состояние растений хорошее и отличное.

В третьей декаде мая по результатам наблюдений за влажностью почвы условия влагонакопления почвы сложились *удовлетворительные и оптимальные* большей части северной половины страны, на востоке, а также в метровом слое почвы на западе, юго-востоке и юге страны. *Недостаток* влаги отмечается в основном в пахотном слое почвы.

На последний день декады скот на пастбищах выпасался повсеместно. На большей части пастбищ отмечается *сухая* дернина, *сырая* дернина наблюдалась в Айтекебийском, Шалкарском, Кобдинском, Иргизском районах Актюбинской области и в Бейнеуском районе Мангистауской области. На конец декады *сильно* стравлены пастбища в Акжайкском районе Западно-Казахстанской области, *не стравлены* в Иргизском районе Актюбинской области, в Енбекшиказахском районе Алматинской области, в Мойынкумском, Шуском районах Жамбылской области, в Шетском районе Карагандинской области, в Мангистауском районе Мангистауской области, на остальной территории пастбища *слабо и умеренно* стравлены.

2025 жылдың мамыр айының 3-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Мамырдың үшінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында күздік бидай себілетін аудандарында температуралық фон нормадан 1...2°C жоғары болған. Жауын-шашын көбінесе нормадан аз түскен. Күздік бидай себілетін аудандарда бақылау учаскелерінде көбінесе «гүлдену» - «дәннің сүттенуі», кеш себілген егістерде «масақтану» даму фазалары байқалған. Жамбыл облысының Төле Би метеостанциясы маңайында «дәннің уыздануы» фазасының басталуы байқалады. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы.

Еліміздің оңтүстігінде (Түркістан облысы) Қазығұрт және Түлкібас аудандарында жаздық арпа егістіктерінде «масақтану» - «дәннің сүттенуі» даму фазалары байқалады. Өсімдіктердің жағдайы көбінесен жақсы.

Елдің батысында жаздық бидай ерте себілген егістерде «3-ші жапырақ» - «түйін тамырының пайда болуы» даму фазалары байқалады. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы. Ақтөбе облысында жаздық бидай егістерінде «астықтың өнуі» - «көктеу» даму фазалары байқалады. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы.

Қазақстанның солтүстік облыстарында (Қостанай, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) жаздық дәнді бидайды жаппай себу науқаны байқалған. Жаздық бидай егістіктерінде көбінесе «көктеу» - «3-ші жапырақ», Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының ерте себілген егістіктерінде «түйін тамырының пайда болуы» - «түптену» даму кезеңдері байқалады. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы.

Абай облысының Бородулиха ауданында жаздық бидай мен жаздық арпа егістіктерінде «түйін тамырының пайда болуы», Үржар ауданында «түтікке шығу» - «топырақ бетінен төменгі бағаналы түйіннің пайда болуы» даму фазасы байқалады.

Шығыс Қазақстан облысында жаздық бидай себу жалғасуда. Глубокое, Жарма, Самара, Ұлан, Катонқарағай аудандарында және Алтай ауданында «дәннің өнуі» - «3 - ші жапырақ» даму кезеңі байқалады. Өсімдіктердің жағдайы өте жақсы және жақсы.

Еліміздің орталығында жаздық дәнді дақылдарды себу науқаны жалғасуда. Жаздық бидай егістіктерінде «астықтың өнуі» - «3-ші жапырақ» фазалары байқалады, Абай ауданының Агрогородок агро посты маңайында жаздық арпа егістіктерінде «түтікке шығу» даму кезеңі жалғасуда. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы.

Еліміздің оңтүстігінде Түркістан облысының Мақтаарал және Ордабасы аудандарында жылу сүйгіш дақылдардың (соя, күріш, мақта, қант қызылшасы) егістіктерінде «5-8 нағыз жапырақ» даму фазалары байқалады. Дақылдардың жағдайы көбінесе өте жақсы және жақсы. Қызылорда облысы мен Жетісу

облысында күріш егістіктерінде «көктеу» - «3-ші жапырақ» даму фазалары байқалады. Алматы облысы мен Жетісу облысындағы соя дақылдарында «3-5 нағыз жапырақ» даму фазаларында, өсімдіктердің жағдайы жақсы. Жетісу облысының Қызылту метеостанциясының маңайында «3-ші жұп нағыз жапырақ» кант қызылшасының даму кезеңі жалғасуда, өсімдіктердің жағдайы өте жақсы.

Түркістан, Алматы, Жамбыл облыстарында және Жетісу облысында жүгері егістіктерінде «жапырақтардың өсуі» даму кезеңі байқалады. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Елдің шығысы мен солтүстігіндегі майлы дақылдарда күнбағыс, жаздық рапс дақылдарында, сондай-ақ елдің батысында мақсары дақылдарында «көктеу» - «2-ші жапырақ жұбы» даму кезеңдері байқалады, егіс жағдайы жақсы. Ақмола және Қостанай облыстарында майлы зығыр егуге кіріскен. Онкүндіктің соңында егістерде алғашқы көктеулер пайда болған.

Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Жетісу облысында бақыланатын учаскелерде картоп отырғызу аяқталуда. Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Жетісу облысында «көктеу» кезеңі байқалады. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Мамырдың үшінші онкүндігінде топырақтың ылғалдылығын бақылау нәтижелері бойынша топырақтың ылғалдылығы елдің солтүстік жартысының басым бөлігінде, шығыста, сондай-ақ елдің батысында, оңтүстік-шығысында және оңтүстігінде бір метрлік топырақ қабатында қанағаттанарлық және оңтайлы болып қалыптасқан. Ылғалдың жетіспеушілігі көбінесе егістіктің беткі қабатында байқалады.

Онкүндіктің соңғы күні жайылымдарда мал тегіс жайылған. Жайылымдардың басым бөлігінде шым құрғақ болған, дымқыл шым Ақтөбе облысының Әйтеке би, Шалқар, Қобда, Ырғыз аудандарында және Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында байқалған. Онкүндіктің соңында Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдар қатты тапталған, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында, Жамбыл облысының Мойынқұм, Шу аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында тапталмаған, қалған аумақтарда жайылымдар әлсіз және бірқалыпты тапталған.